

«18 мамыр — Халықаралық музейлер күніне» арнайы аталмыш мақала Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейі қорында сақталған жәдігерлерді көпшілікке насихаттау мақсатында жарияланып отыр.

Тарихи тереңде жатқан іргелі қара шаңырақ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейі қазақтың төл тарихын,



## ӘМІРЕДЕН ҚАЛҒАН ЖӘДІГЕР



мәдениетін, салт-дәстүрін үнемі насихаттап келеді. Музей қорында сонау тас дәуірінен бастап бүгінге дейін қазақтың рухани және материалдық мәдениетінен сыр шертетін жәдігерлер көптеп сақталған.

Соңың айқын бір дәлелі қазақтың әншілік өнерін, оның құлаққа жағымды, бойға снімді «Ағаш аяқ», «Канелия», «Дударей», «Үш дос», «Жалғыз арша», «Қосбалалан», «Балқадимша», «Бесқаралар», «Көк кебелек» және т.б. әндерін қазақ даласынан бастап, дүниежүзіне әйгілі Париж, Майндағы Франкфурт, Мәскеу сахналарында нақышына келтіре шыққан атақты әнші, актер-әрі музыкант Әміре Қашаубаев тартқан домбыра, шабадан және үш бөліктен тұратын айнасы (зеркало-трельаж) сақталған.

Әншінің домбырасы мен шебаранын жары Оразке Қашаубаева 1947 жылдың 5 шілдесінде Музей қорына отқозған. Домбыра ұзындығы 80 см. Материалы: ағаш. Құрама домбыра. Қос ішекті, жеті пернелі (шаңағы мен мойны түйскен жерінде перне ізі болғандықтан, пернесі бұдан да көп болуы мүмкін). Жәдігерді өткізген кездегі құжатқа жетпейін болсақ, дом-

### «ҚАЛА МЕН ДАЛА» АНЫҚТАМАСЫ:

Әміре Қашаубайұлы 1888 жылы Шығыс Қазақстан облысының Қайнар ауылында кедей отбасында дүниеге келді. Әкесі Қашаубай, анасы Тойған да әншілік өнерден қалыс қалмаған. Әміренің балалық шағы ауыл байының малын бауымен өтті. Қалы босағанда, ән айтып, даусын шыңдайтын. Әнші бала туралы ауыл-ауылдан өстіп, кейін ал той-жынының ортасынан табылды. Әкесі Семей қаласына көшу туралы шешім қабылдап, Әміренің өмірінде жаңа кезең басталды.

Қала өмірі оның жан-жақты дамуына, саяси көзқарастарының қалыптасуына ықпал етті. Семейде ашылған «С-Аймақ» атты қазақ жастарының ұйымына күше болды. Осы кезде Әміреге кәсіби әнші болу туралы ой келсе керек. 1924 жылы әншілер арасында ұйымдастырылған байқауға қатысып, жеңімпаз атанды. Оның әншілік өнері бүкіл Қазақстанға кеңінен жайылып, Одан, одан ЭКСПО-ға дейін жетті.

алған. Шабаданның өлшемі: 68 x 37 см. Материалы: былғары.

Әнші айнасын Музей қорына 1975 жылдың 15 тамызында қызы Күләш Жақыпова өткізген. Әдетте үш бөліктен тұратын жиналмалы айнаның екі жағындағы бөліктерін біріктіріп жағлап тұрған орта бөлігінің көлемі басқаларынан үлкенірек болып келетін болса, бұл айнаның ерекшелігі үш бөлікпен де келемі бірдей. Айнаның өлшемі: 69 x 28 см. Материалы: металл, былғары, шыны. Айна ұқыпты, әрі жинақы жасалған. Оны үстел үстіне тұрғызып қоюға да болады, сондай-ақ қабырғана ішеуге ыңғайлы етіп жасалған артқы бөлігінде ілгелі бар. Мұндай айна түрлерін әрт.с. актерлар күні бүгінге дейін мәдениет ошақтарының гонимеркаларында қолданады.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейі ұлттық жәдігерлерімізді кеңінен насихаттап отыратын ғылым мен мәдениеттің ошағы.



Тимур БОЛСЫНБЕК  
Қазақстан Республикасы  
Мемлекеттік Орталық музейі  
Алматы қаласы

# ЖҮЗ ЖЫЛҒА СОЗЫЛҒАН ӘДІЛЕТСІЗДІККЕ ТОҚАЕВ НҮКТЕ ҚОЯ МА?



“Иран санкция жағдайында отырса да, жанар-жағармай өндірісін субсидиялап, халыққа бензинді арзан бағамен беріп келеді. Міне, ирандықтар «мұнайдың игілігін көріп отырмыз» деп айтуына болады. Ал біз солай айта аламыз ба?”

Біздің шенділер арқашан жанармай мен азық-түліктің бағасы қымбаттағанда оның себебін әлемдік нарықтағы жағдаймен түсіндіруге құмар. Мұндай жағдайда халықтың көлік пен ірі жобалардың, айлықтың құнын әлемдегі нарықтағы көрсеткіштермен өлшеп әңгіме айтуына толық хақы бар.

(6-беттен)

Ал біз солай айта аламыз ба?

Біздің шенділер арқашан жанармай мен азық-түліктің бағасы қымбаттағанда оның себебін әлемдік нарықтағы жағдаймен түсіндіруге құмар.

Мұндай жағдайда халықтың көлік пен ірі жобалардың, айлықтың құнын әлемдегі нарықтағы көрсеткіштермен өлшеп әңгіме айтуына толық хақы бар деп есетейміз.

Әділетсіздікпен өлсіз айту, жемқор-



лық жойылмайынша, Жаңа Қазақстанды (Әділетті Қазақстанды) құрып жайғармыз деп айтуға болмайды. Бүгінде Тоқаевтың жүз жылға созылған әділетсіздікке нүкте қоятын тари-

химиссиясы туындап тұр. Халық Президенттің әділетсіздікке тосқауыл қоятынын ұмытпа. Соған сенелі.

Нұрлан  
ЖҮМАХАН  
журналист

## Ұлт ұлысқа ортақ үй - Қазақстан



Қазақстан халықтарының бөлігі күніне арнайы №29 балалар кітапханасында «Ұлт ұлысқа ортақ үй - Қазақстан» атты әдеби-сазды кеш өткізілді. Кешке Бостандық ауданы ардагерлер кеңесінің төрайымы Беспаева Асен Сулеймановна, корей халқының «Пиданиль» ардагерлер хоры, «Гармония» бишілер ансамблі, Бостандық ауданы №40, 45 жалпы білім беретін мектептің оқушылары қатысты. Іс-шараны Бостандық ауданы ардагерлер кеңесінің төрайымы Беспаева А.С. оқырмандарды мерекеленіп құттықта-

умен бастады «Пиданиль» ардагерлер хоры Қалдаяқовтың «Арсы жағасында», Птичкиннің «Эхо любви» және қазақ, орыс, корей халықтарының әндерін шырқаса, «Гармония» бишілер тобы бірнеше халықтың билерін тарту етті. №40 мектеп оқушылары өлең оқып, би билеп, күймен шашу шашты. Кешті оқушылар «Менің Қазақстаным» әнімен аяқтады.

Жанар ЖАИКОВА,  
29 балалар кітапханасының  
меңгерушісі



бырамен әнші 1925 жылы Парижде өткен Дүниежүзілік сән өнері көрмесінде, Мәскеу консерваториясының залында әншілікпен. Әнші қайтыс болғаннан кейін домбыраны біраз уақыт халық әртісі Жүсіпбек Егелебеков, әнші Нұғыман Әбішев тартқан.

Домбыраның Әміре Қашаубаевқа тиесілі екенін өнер қайдагерлері Қапибек Қуанышбаев пен Серке Қожамқұлов растайды.

Ал шабадан мен айналы Әміре Қашаубаев 1925 жылы Парижде болған Дүниежүзілік сән өнері көрмесінде өткен этнографиялық концертке қатысуға бағам кезде сонда сатып